

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «Филология» бойынша философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық кеңестің 2022 жылғы жұмысының ЕСЕБІ

Диссертациялық кеңестің төрағасы филология ғылымдарының докторы Ж.Қ. Ибраева әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2021 жылғы 28 маусымдағы бұйрығымен бекітілді.

Диссертациялық кеңеске келесі мамандықтар бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға рұқсат берілді:

- 6D050400, 8D03201 – Журналистика,
- 6D011800, 8D01704 – Орыс тілі және әдебиеті,
- 6D020500 – Филология,
- 6D021000 – Шетел филологиясы.

1. Өткізілген мәжілістердің саны – 2 (қорғауға қабылдау және қорғау).
2. Мәжілістердің жартысынан азына қатысқан кеңес мүшесі жоқ.
3. Оқу мекемелері көрсетілген докторанттардың тізімі:

№	Докторанттың ТЕӘ	Мамандықның шифры және атауы	Оқу мекемесі
1	Заурбекова Ляззат Жанатовна	6D020500 – Филология	Әл-Фараби ат. ҚазҰУ

**4. Есеп беріліп отырған жылда кеңес қарастырған диссертациялардың қысқаша талдануы, келесі бөлімдерге мән берілді:**

**Қарастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау, диссертация тақырыптарының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сонымен қатар мақсаттық республикалық және аймақтық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы**

Кеңесте қарастырылған диссертация әл-Фараби атындағы қазақ тіл білімі кафедрасында дайындалған салалық бағдарламалардың аясында орындалды. Сонымен қатар, диссертациялардың тақырыбы, мақсаты, міндеттері «Рухани жаңғыру» және «Мәдени мұра» секілді ҚР жетекші мемлекеттік бағдарламалары мен реформаларының міндеттерімен тілкелей байланысты.

Л.Ж. Заурбекованың «Көркем мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілері» атты диссертациялық зерттеу пәні көркем мәтіндегі «тілдің әрекет етудегі» прагматикалық – теориялық концепциялары, автордың прагматикасының мәнді сипаттары, тілдік сана, ойлау мақсаттарының мәні мен оған тән қолданылған прагмастистикалық тілдік амал – тәсілдерінің функционалды прагматикалық аспектілері зерттеу жұмысының пәні болып табылады. Жұмыста көркем мәтіндегі экспрессивті тілдік бірліктер саналатын тенеулер, мақал-мәтелдер, фразалық тіркестер, авторлық ремаркалар, қайталаулар, контраст (қарама-қайшылық), фонетикалық деңгейде тіл нормасынан ауытқу амалдар прагматикалық компоненттердің қатарынан орын алатыны жүйеленеді. Демек философияның күрделі ақиқат/жалған категориясы көркем мәтіндегі ақпараттардың имплицитті және эксплицитті мағыналары функционалды прагматиканың негізгі өзектерінің бірі екендігі сараланады.

**Жұмыс нәтижелерін, нақты жұмыс ұсыныстарын кең түрде енгізу бойынша қарастырылған ғылыми нәтижелерді пайдалану деңгейін талдау**

Л.Ж. Заурбекованың диссертациясында сегіз ғылыми тұжырым ұсынылды, олар республикалық және шетелдік ғылыми басылымдарда 8 мақала түрінде жарық көріп, халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндалды. Оның ішінде Scopus деректер қорына енген журналда 1, ҚР ҒЖБМ БҒССКК ұсынған журналдарда 3 мақала, халықаралық конференция материалдарында 4 мақала жарық көрді.

Л.Ж. Заурбекованың зерттеу нәтижелерінде жинақталған материалдар мен тұжырымдарды жоғары оқу орындарында «Прагмастистика», «Мәтін және дискурс», «Көркем мәтіннің прагматикасы», «Мәтіннің прагмалингвистикасы» сияқты іргелі және

арнаулы элективті курстар жүргізуде, докторлық, магистерлік, дипломдық және курстық жұмыстарды жазу барысында қолдануына болады.

**5. Рецензенттер жұмысын талдау (сапасыз пікірлердің мысалымен) –**

**6. Ғылыми кадрларды дайындау жүйесін әрі қарай жетілдіру бойынша ұсыныстар**

Қазақстандық жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі шетелдік жоғары оқу орындарының үздік білім беру үлгілерін қабылдай отырып, күрделі реформалану сатысынан өтіп жатқаны белгілі. Көптеген шетелдік жоғары оқу орындары 4 жылдық PhD докторанттарын дайындау тәжірибесін пайдалануда. Қазақстанда докторантурада оқу, диссертацияны, индекстелетін мақалаларды жазу мерзімі үш жылды крайды, осындай аз мерзім ішінде зерттеудің сапалы, шынайы, негізді тұжырымдары мен нәтижелерін жинау, өңдеу және ұсыну өте қиын. Диссертациялық кеңес докторантура мерзімін 4 жылға ұзартуды ұсынады.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:**

	Мамандық шифры және атауы			
	6D050400, 8D03201 – Журналистика	6D011800, 8D01704 – Орыс тілі және әдебиеті	6D020500 – Филология	6D021000 – Шетел филологиясы
қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	–	–	1	–
қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	–	–	-	–
рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	–	–	–	–
қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	–	–	–
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	–	–	–	–

ішінде басқа ЖОО докторанттарының)				
---------------------------------------	--	--	--	--

Диссертациялық кеңестің  
төрағасы

Диссертациялық кеңестің  
ғылыми хатшысы

2022 ж. 30 желтоқсан



Ж.Қ. Ибраева

Л.М. Шайкенова